

**Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 334 "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласының 2020 - 2022 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2020 жылғы 9 желтоқсандағы № 401 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 желтоқсанда № 6806 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 44, 106, 109-1, 111-баптарына Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласының 2020 - 2022 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 334 шешіміне (2020 жылғы 23 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5957 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласының 2020 – 2022 жылдарға арналған бюджеті тиісінше осы шешімге 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 227308 мың теңге:

салықтық түсімдер - 51463 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

трансферттер түсімі - 175845 мың теңге;

2) шығындар - 401909,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -174601,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 174601,5 мың теңге:

қарыздар түсімі – 165275,9 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 9325,6 мың теңге.";

3-2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3-2. 2020 жылға арналған Тайынша қаласының бюджетінде Тайынша ауданының бюджетінен ағымдағы нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін:

елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етуге 13534 мың теңге сомасында;

Тайынша қаласын абаттандыруға және көгалдандыруға 3500 мың теңге сомасында; елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға 3607 мың теңге сомасында.";

мынадай мазмұндағы 3-3-тармақпен толықтырылсын:

"3-3. 2020 жылға арналған Тайынша қаласының бюджетінде республикалық бюджеттен Тайынша қаласында жолдарды орташа жөндеуге 30000 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін.";

көрсетілген шешімге 1-қосымша осы шешімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы мәслихаты  
сессиясының төрағасы,  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы мәслихатының хатшысы

К. Шарипов

Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы мәслихатының  
2020 жылғы 9 желтоқсандағы  
№ 401 шешіміне  
қосымша  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы мәслихатының  
2020 жылғы 8 қаңтардағы  
№ 334 шешіміне  
1-қосымша

## 2020 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласының бюджеті

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
		1) Кірістер	227308
1		Салықтық түсімдер	51463

01		Табыс салығы	10000
	2	Жеке табыс салығы	10000
04		Меншікке салынатын салықтар	41261
	1	Мүлікке салынатын салықтар	365
	3	Жер салығы	4158
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	36738
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	202
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	202
4		Трансферттердің түсімдері	175845
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан трансферттер	175845
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	175845
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама		
		2) Шығындар	401909,5
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	33413
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	33413
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	33413
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	195611,1
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	195611,1
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	37758,9
	009	Елді мекендерді санитариясын қамтамасыз ету	24034
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	133818,2
12		Көлік және коммуникация	172884,9
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	172884,9
	012	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау	4204,8
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	58064,1
	045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	110616
15		Трансферттер	0,5
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,5
	048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,5
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	0

		Бюджеттік кредиттер	
Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
Функционалдық топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
		4) Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо	0
Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
6		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-174601,5
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	174601,5
7		Қарыздар түсімдері	165275,9
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	165275,9
	2	Қарыз алу келісім-шарттары	165275,9
Функционалдық топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
14		Борышқа қызмет көрсету	0
16		Қарыздарды өтеу	0
Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	9325,6
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	9325,6
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	9325,6